

FTAXP 06.71.07

Г.А. Пернеева¹

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.,
Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕННІҢ МӘНІ ЖӘНЕ АГРАРЛЫҚ ӨНДІРІС САЛАСЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Қазақстан Республикасының аграрлық азық-түлік бағдарламасын жүзеге асыру үшін қолда бар машина жүйесін толықтыру шығындарды жабу және оның мерзімдерін қысқартудың жаңа жүйесін жасап шығару да қажет. Ол үшін Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің жөндеу, қызмет көрсету және машина құрылысы базасын дамыту керек. Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің мәселелері мен келешекте даму бағыттары, өндірістің стратегиялық салаларының бәсекелестігін қалыптастыру стратегиясы қарастырылған.

Ауыл шаруашылығы өндірісі еліміздің экономикасының жақсаруына, бюджеттің толығына, халықтың әл-ауқатының жақсаруына септігін тигізетін басты мәселелердің бірі болып табылады. Ауыл шаруашылық саласының мемлекет дамуы үшін маңызын ҚР «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңын қабылдаудан көруге болады. Осы заң актісінде негізінде бекітілген негізгі міндеттерді іске асыру үшін агроөнеркәсіптік кешенді мемлекет тарапынан қолдау мен дамуына араласу тәсілдеріне көңіл аудару және осы саланы мемлекеттік реттеуді дамыту қажеттігін көруге болады.

Түйін сөздер: өнімділікті арттыру, инфрақұрылымды жаңғырту, ірі өндірістерді жаңғырту, негізгі азық-түлік тауарларында өзін-өзі қамтамасыз ету, көкөністерді және жемістерді экспорттаудың айтарлықтай өсуі.

Abstract. To implement the agrarian food program of the Republic of Kazakhstan, it is also necessary to develop a new system for covering costs and reducing costs for the existing system of machines. To do this, it is necessary to develop the repair, maintenance and engineering base of the agricultural sector of Kazakhstan. Issues of the agro-industrial complex of Kazakhstan and

development prospects, strategies for the formation of competition in strategic sectors are considered.

Agriculture is one of the key issues contributing to the improvement of the economy of our country, overpopulation of the budget and improving the welfare of the population. The importance of the agricultural sector for the development of the country can be seen in the adoption of the Law of the Republic of Kazakhstan “On state regulation of the development of the agro-industrial complex and rural territories”. In order to realize the main goals set forth in this law, it is necessary to pay attention to the ways of interfering in state support and development of the agro-industrial complex and develop state regulation in this area.

Keywords: increase productivity, upgrade infrastructure, upgrade key industries, self-sufficiency in basic foodstuffs, significantly increase exports of fruits and vegetables.

Аннотация. Для реализации аграрной продовольственной программы Республики Казахстан также необходимо разработать новую систему покрытия затрат и снижения затрат на существующую систему машин. Для этого необходимо развивать ремонтно-эксплуатационную и машиностроительную базу агропромышленного комплекса Казахстана. Рассмотрены вопросы агропромышленного комплекса Казахстана и перспективы развития, стратегии формирования конкуренции стратегических отраслей.

Сельское хозяйство является одним из ключевых вопросов, способствующих оздоровлению экономики нашей страны, перенаселению бюджета и улучшению благосостояния населения. Значение аграрного сектора для развития страны можно увидеть в принятии Закона Республики Казахстан «О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий». Для реализации основных целей, изложенных в этом законе, необходимо обратить внимание на пути вмешательства в государственную поддержку и развитие агропромышленного комплекса и разработать государственное регулирование в этой сфере.

Ключевые слова: повышения производительности труда, обновления инфраструктуры, обновления основных отраслей, самообеспеченности основными продуктами питания, значительное увеличение экспорта фруктов и овощей.

Қазіргі кезде аграрлық саланың алдында тұрған шешілуге тиісті маңызды міндеттерді қарастыру – осы саланың ерекшелігін, яғни халық шаруашылығының басқа салаларына қарағанда аграрлық салада, нарықтық экономикаға өтудің күрделі де қайшылықты екендігін мойындаудан басталады. Оның ең басты себептеріне аграрлық өндірістің нақты қоғамдастырылуының барынша төмен дәрежесін, ұдайы өндірістің табиғи, экономикалық және әлеуметтік жағдайларға ерекше тәуелділігін, территориялық шоғырлануымен шаруашылық жүргізудің аймақтық факторларының әртүрлілігін айтуға болады. Агроөнеркәсіптік кешеннің даму мәселесі экономикалық саясаттың басты басымдықтарының бірі.

Қазақстан Республикасының Президентінің жолдаулары мен мемлекеттік даму бағдарламаларымызда отандық өндірушілер мен барлық әлеуметтік қызметтегі тұлғалардың аясында бәсекеге қабілетті болу мақсаты атап көрсетіледі. Қазіргі кездегі дүниежүзіндегі экономикалық дағдарыстар, халықаралық сауданың әрқилы жағдайларға ұшырауы елімізге де теріс әсерлерін тигізді. Осындай халықаралық экономикалық қатынастарда Қазақстанның дамуы отандық өндірушілер мен кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттігіне байланысты болып табылады. Осы бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатындағы мемлекеттік іс-шаралардың бірі - өңірлерде кластерлік жүйелерді іске асыру көзделіп, бұл өз кезегінде аймақ экономикасын тұтастай көтеретіндігі анықталып, жүзеге асырылу үстінде.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі кезеңінде елдің агроөнеркәсіп кешенінде мәнді нәтижелерге қол жеткізілді: нарықтық қатынастар негізінде өндірістің тұрақты өсуі бақылануда, еңбек өнімділігі мен өндіргіштігі артуда, саланың негізгі қорларын жаңарту және инфрақұрылымын жаңарту жүргізілуде, негізгі азық-түлік өнімдері бойынша өздігінен қамтамасыз етуге қол жеткізілді, дәнді, майлы дақылдар, балық аулау өнімдері экспортының мәнді өсуіне қол жеткізілді.

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамыту аграрлық саясаттың аса маңызды бағыты болып отыр, агроөнеркәсіптік кешеннің негізгі міндеті болып елімізді азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті ауыл шаруашылығы шикізаттарымен қамтамасыз ету табылады.

Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін көп зардап шеккен салалардың бірі болып – ауыл шаруашылығы болып табылады. Көптеген жылдар бойы өнімді еңбекке ынталандыруды жете пайдаланбағандықтан аграрлық салада терең дағдарыс қалыптасты. Одан шығудың бірден-бір жолы осы салада кешенді және жүйелі түрде экономикалық реформа

жүргізу керек болды. «Ауыз су», «Ауылдық аумақтарды дамыту», «Аграрлық азық-түлік» сынды бағдарламалар жүзеге асырыла бастады.

Халық шаруашылығы салаларында мамандандыруды тереңдету өз кезегінде олардың арасындағы өзара тығыз байланысқа әкелді. Салалардың өзара байланысты дамуының мынадай негізгі бағыттары бар:

1. ауыл шаруашылығы барған сайын техниканы, тыңайтқыштарды, құрылыс материалдарын және басқа да өндірістің өнеркәсіптік құрал-жабдықтарын көптеп алуы;
2. ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және техникалық қызмет көрсету;
3. сол өнімдерді тұтынушыларға жеткізу және ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу, сақтау [1, 22 с.].

Агроөнеркәсіптік кешен ауыл шаруашылығының дамуымен байланысты, оның өндірісіне қызмет ету мен ауыл шаруашылық өнімін тұтынушыға жеткізу сияқты халық шаруашылығының салалар жиынтығы болып табылады.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы егіс алаңдарының серпіні туралы мәліметті қарастырсақ.

2011 жылы ауыл шаруашылығы өнімінің үлесі елдің жалпы ішкі өнімінің (бұдан әрі ЖІӨ) көлеміне 5,1% құрады, ауыл шаруашылығында жұмыс істейтіндердің еңбек өндіргіштігі 2005 – 2011 жылдар кезеңінде жылына 9,3% орташа жылдық өсу қарқынымен бір жұмыс істейтінге 304,2 мың теңгеден 498 мың теңгеге дейін өзгерді, ауылды жерде шамамен 7,48 млн. адам немесе Қазақстанның жалпы халқынан 45% тұрды [2, 12 с.].

2011 – 2017 жылдары дәнді дақылдардың егіс алаңы 16,2 млн. гектардан 15,4 млн. гектарға дейін қысқарды. Соңғы 5 жылда (2013 – 2017 жылдары) орташа жылдық астық жиналымы 19,1 млн. тоннаны құрады, бұл 2008 – 2012 жылдардағы ұқсас көрсеткіштен 7,8 %-ға артық. Бұл ретте дәнді дақылдардың орташа түсімділігі гектарына 12,6 центнерді (12,3 %-ға артық) .

Майлы дақылдардың егіс алаңы 2017 жылы 2,5 млн. гектарды немесе жалпы егіс алаңының 9,8 %-ын құрады. 2011 жылмен салыстырғанда майлы дақылдардың жалпы алаңындағы күнбағыстың үлес салмағы 16,3 пайыздық тармаққа қысқарды, бұл ретте рапстың үлесі 1,7 пайыздық тармаққа, зығырдың үлесі 17,1 пайыздық тармаққа, сояның үлесі 1,3 пайыздық тармаққа ұлғайды.

2017 жылы азықтық дақылдар алаңы 3,5 млн. гектарды құрады, бұл 2011 жылдың деңгейінен 31,7 %-ға артық. Жалпы егіс алаңына

қарағанда азықтық дақылдардың егіс алаңының үлесі 15,8 %-ды құрады, ол 2011 жылы 12,4 %-ды құраған болатын.

Көрсетілген кезеңде көпжылдық шөптер алаңы 18,9 %-ға, біржылдық шөптер алаңы 2,2 есеге өсті. Алайда, азықтық дақылдардың жалпы жиналымы мал шаруашылығының қажеттілігін қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз .

Міне, осында аталған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыра алсақ, мұның өзі еліміздің ауыл шаруашылығының дамуына қосымша серпін беретіндігі анық [3,20 с.].

2017 жылы жабық топырақтағы құрылысжайлар алаңы 1150,1 гектарды, жылыжай көкөністерінің жалпы жиналымы 175,4 мың тоннаны құрады, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 147,6 мың тоннаға немесе 6,3 есеге артық. Халықтың маусымаралық кезеңде жылыжай көкөністерімен қамтамасыз етілуі 39,6 %-ды құрайды.

ҚР 2017-2021 жылдарға аналған агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2016-2018 жылдардағы статистикалық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	Қалып тастыру кезеңділігі	2016	2017	2018
					7
Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі	мың теңге	жылдық	1 401,9	1 636,2	
Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі индексі	өткен жылға пайызбен	жылдық	107,0	111,3	
Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (көрсетілетін қызметтерінің) нақты көлем индексі	өткен жылға пайызбен	жылдық	105,4	103,0	

	мың тонна	жылдық	286, 7	330,5	343, 6
Бастапқы кірістелген салмақтағы жекелеген ауыл шаруашылығы дақылдарын жалпы жинау		жылдық			
Картоп	мың тонна	жылдық	3545, 7	3 551,1	3 807, 0
Ашық және жабық топырақта өсірілген көкөністер	мың тонна	жылдық	3795, 2	3 791,1	4 081, 9
Шөп	мың тонна	жылдық	14 791, 7	14 971,6	14 842, 0
Азыққа жүгері	мың тонна	жылдық	1 238, 8	1 089,7	1 185, 1
өзгелері	тонна	жылдық	215, 7	300,6	
Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (көрсетілетін қызметтерінің) нақты көлем индексі	2015 жылдың деңгейімен салыстырғанда пайызбен	жылдық	105, 4	108,1	
Нақтыланған егіс алқабы:					
Мал азықтық дақылдар	мың гектар	жылдық	3 485, 2	3 382,3	3 323, 2
Азық-түлік тауарлары экспорты	млн. АҚШ доллары	жылдық	1 057, 4	1 241,5	1 310, 0*

көлемін арттыру					
Азық-түлік тауарлары экспорты көлемін төмендету	млн. АҚШ доллары	жылдық	2 676, 5	3 012,9	3 086, 1*
Азық-түлік тауарларын көтерме сауда нақты көлем индексі (2015 жылға)	%	жылдық	104, 7	108,2	113, 6*
Өнеркәсіп өнімінің жекелеген түрлерін өндіру					
Ет және тағамдық қосалқы өнімдер	тонна	жылдық	220 331	248 043	

2017 жылы картоптың егіс алаңы 183,5 мың гектарды, жалпы жиналымы 3 551,1 мың тоннаны құрады. Бұл ретте картоптың жалпы жиналымы 2011 жылмен салыстырғанда 15,4 %-ға өсті. Бұл ретте ірі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер (бұдан әрі – АШТӨ) өндіретін картоп толығымен қалалардың базарларына, тұқымға және экспортқа кетеді.

Республикада ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдарын өндіру мен өткізуді 325 аттестатталған тұқым өндіруші жүзеге асырады, бұл ретте олардың басым көпшілігі (66 %) дәнді дақылдар тұқымын өндірумен айналысады, майлы дақылдар бойынша – 69, азықтық шөптер бойынша – 56, жүгері бойынша – 13, қант қызылшасы бойынша – 2 субъект аттестатталған. Осыған байланысты республикада өндірілген көрсетілген дақылдар тұқымдарының көлемі оларға деген қажеттілікті жаппайды және тұқым импортының айтарлықтай үлесі байқалады.

Ауыл шаруашылығының дамуы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына қызмет көрсететін өндіріс пен салалардың іс-әрекеттерінің тиімділігімен тығыз байланысты. Бұған бірінші кезекте техникаларды жөндеу, ауыл шаруашылығы объектілерінің құрылысы, өндіріс құралдарымен жабдықтау, материалдар мен өнімдерді тасымалдау салалары жатады.

Сонымен қатар, агроөнеркәсіп кешенінің қалыптасуының және оның халық шаруашылығында алатын орны туралы айтылып, бүгінгі таңда агроөнеркәсіп кешені саласындағы ауыл шаруашылығы техникаларымен жабдықталуына көңіл аудару керек. Қазақстан Республикасының аграрлық азық-түлік бағдарламасын жүзеге асыру үшін қолда бар машина жүйесін толықтыру шығындарды жабу және оның мерзімдерін қысқартудың жаңа жүйесін жасап шығару да қажет. Ол үшін Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің жөндеу, қызмет көрсету және машина құрылысы базасын дамыту керек. Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің мәселелері мен келешекте даму бағыттары, салаларының бәсекелестігін қалыптастыру стратегиясы қарастырылған.

Ауыл шаруашылығы өндірісі еліміздің экономикасының жақсаруына, бюджеттің толығына, халықтың әл-ауқатының жақсаруына септігін тигізетін басты мәселелердің бірі болғандығын, ауыл шаруашылық саласының мемлекет дамуы үшін маңызын ҚР «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңын қабылдаудан көруге болады. Осы заң актісінде негізінде бекітілген негізгі міндеттерді іске асыру үшін агроөнеркәсіптік кешенді мемлекет тарапынан қолдау мен дамуына араласу тәсілдеріне көңіл аудару және осы саланы мемлекеттік реттеуді дамыту қажеттігін көруге болады.

Аграрлық кешенді және қатынастарды мемлекет тарапынан реттеудің барлық мақсаттары қолданыстағы заңда көрініс таппаған, сондықтан агроөнеркәсіптік өндірісті экологизациялау, нақтырақ айтқанда экологиялық таза өнімді өндіру мақсатында ауылшаруашылығында экологиялық-құқықтық нормалардың сақталуын бақылау сияқты талаптар бекітілуі қажет.

Халықты азық-түлікпен қамтамасыз етілуінің негізгі қайнар көзі ауылшаруашылық өнімдері болып табылады, сондықтан олардың қауіпсіз болуы ең алдымен денсаулықтың жақсаруының кепілі деп білу керек. Агроөнеркәсіптік өндірісті дамытуды мемлекеттік реттеу ол еліміздің ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, өңдеу және таратуға, агроөнеркәсіптік өндірісті өндірістік-техникалық қамтамасыз етуге және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, агроөнеркәсіптік кешен құрамына кіретін кәсіпорындардың шаруашылық қызметіндегі іс-әрекеттерін ұйымдастыруға заң актілерін шығару арқылы әсер ету, экономикалық әдіс көмегімен реттеуді жүзеге асыратын ауыл шаруашылық органдардың толық құзыреттілігін басқару болып табылады.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу ауыл шаруашылығы өндірісін басқарудан көрінеді. Ауыл шаруашылығы өндірісін басқаруды

ауыл шаруашылығында тауар өндірісінің және барлық ауыл тұрғындары үшін қолайлылыққа қол жеткізу үшін мемлекеттің аграрлық саясатын жүргізу шараларын іске тасыруға мақсатталған және мемлекетпен жүргізілетін шаралар кешені деп түсінуге болады.

Мемлекеттің аграрлық саясатты жүргізуіне тоқталсақ, аграрлық реформаның ауылшаруашылық ұйымдарды қайта құру және жекешелендіруге байланысты сияқты басты идеяларын жүзеге асыруға болады. Олар келесілер: ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің қаржылық қатынастарға қатысуы, ауылшаруашылық өндіріс субъектілерінің құқығы жағынан қалыптасуы; аграрлық секторда нарықтық қатынастарды қалыптастыру және аграрлық нарыққа қатысушылардың шарттық қатынастарын дамыту, яғни ауылшаруашылық өнімін сатып алып-сату шарты, ауылшаруашылық өнімдерін тасымалдау шарты, ауылшаруашылық тауар өндірушілерге қызмет көрсету, ауылшаруашылық өндірісін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді қолдау; соның ішінде салық салу және ауылшаруашылық өндірісіне қатысушы субъектілерді қаржылық қолдау шараларын жүргізу; ауылшаруашылық қызметтің жекелеген түрлерін мемлекет тарапынан реттеу; ауылшаруашылық өндірісінде жер аумақтарын пайдаланудағы өзіндік құқықтық жағдайы; ауылшаруашылық өндірістің қауіпсіздігі мен сапасына бақылау жасау; аграрлық саладағы ғылыми зерттеулерді, ауылшаруашылық білім берудің сапасын қолдау; ауылдық аграраумақтарды дамыту [6, 11 с.].

Аграрлық секторда көбіне аграрлық өндірістің қатысушыларының жеткілікті деңгейде азаматтық, жер және осы салаға қатысты өзге де заң актілерінің нормаларын жеткілікті деңгейде меңгермеуі нәтижесінде заңды тұлғалардың мәртебесі туралы құқықтық талаптарды сақтамау немесе білмеу, шарт тәртібі, және жалпы құқықтық сауатсыздық орын алады.

«Агроөнеркәсіптік өндірісті кешенді дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 3-бабында агроөнеркәсіптік өндірісін дамытуды мемлекеттік реттеудің мынадай мақсаттары бекітілген:

- ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту және ауыл халқын қолайлы тұрмыс жағдайларымен қамтамасыз ету;
- мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамытуды қамтамасыз ету;

- бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімін және оның қайта өңдеу өнімдерін өндірудің экономикалық жағдайларын жасау болып табылады [5, 44 с.].

Ал 9-бабы агроөнеркәсіптік өндірісті кешенді дамытуды мемлекеттік реттеуге арналған:

- агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтар саласында кредит беруді дамыту;
- агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау;
- сатып алу операциялары мен баға интервенцияларын жүргізу;
- мамандандырылған ұйымдар құру;
- агроөнеркәсіптік кешен тауарларының экспорты мен импортын реттеу;
- агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарақтандыру;
- агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету;
- агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми, нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету және ол үшін кадрлар даярлау;
- ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымының дамуын инвестициялауды жүзеге асыру;
- ауылды оңтайлы қоныстандыруды ұйымдастыру;
- ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- салықтық, бюджеттік, кедендік-тарифтік, техникалық реттеу шаралары мен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады [4, 22 с.].

Осы іс-шараларды қаржыландырудың жыл сайынғы көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен және мәслихаттардың жергілікті бюджет туралы шешімдерімен белгіленеді.

Экономикалық жүйе өнімдер өндірістерінің жиынтығы бойынша ерекшеленетін шаруашылық қызмет салаларынан тұрады. Бірақ бұл салалардың әрқайсысы басқа технологиялық тізбектермен байланысты болады. Технологиялық тізбек дегеніміз – салалардың бір өнімі келесі сала өндірісі үшін шикізат болатын және ары қарай қосылған құн тізбегі бойынша шекті өнімге дейін жүретін технологиялық үрдіс. Осылайша, шикізатты өңдеудің бір технологиялық тізбегіндегі өзгерістер экономикалық деңгейлер бойынша басқа технологиялық тізбектердегі өзгерістердің қажеттілігіне немесе өзгерісіне әкеледі [7, 15 с.].

Елімізде трансұлттық компаниялар ғылымды дамытуға өз саласының ғана шеңберінде қаржы бөледі. Осы уақытқа дейін ауыл

шаруашылық саласында ірі трансұлттық компаниялардың жоқтығынан агроөнеркәсіп кешеніндегі ғылымға мұндай қаржылар бөлінбей келеді. Осы жерде еліміздегі аграрлық ғылымның дамуында кедергі болып отырған өзекті мәселелер туралы айта кеткен дұрыс болар. Ол:

- аграрлық ғылымның мәртебесінің, сондай-ақ ғылыми-техникалық бағыттағы еңбекке деген сұраныстың төмендігі;
- ғылымға бөлінетін қаржының жетіспеушілігі;
- жаңа формациядағы білікті мамандардың тапшылығы, (жас ғалымдардың аграрлық ғылымға қызығушылығының төмендеуі). Бұның себебі еңбекақы мөлшерінің аздығы, әлеуметтік-экономикалық, тұрмыстық жағдайлардың дұрыс шешілмеуі т.б.;
- ғылыми-зерттеу институттары мен тәжірибе станцияларының материалдық-техникалық базасының ескіруі, ғылыми нәтижелердің өндіріске енгізілмеуі.

Қорытындылай келе, мемлекеттік реттеуде бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық өнімін өндіру үшін ауылшаруашылық өнімнің отандық және халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілігін үнемі арттырып отыру қажет. Қоғамдық қатынастардың дамуы және әр кезеңде қойылатын мақсаттарға байланысты мемлекет пен қоғамның алдына қойылған міндеттер де ауысады. Бірақ, стратегиялық міндеттер тұрақты, оларға:

- Агроөнеркәсіптік өндірісті дамыту;
- Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Ауылшаруашылық өнім, шикізат және өндіріс нарықтарын реттеу;
- Халықтың азық-түлікпен қамтамасыз етілуін жақсарту;
- Ауыл шаруашылығы мен экономиканың басқа салаларымен экономикалық тепе-теңдікті сақтау;
- Ауыл шаруашылығы мен өзге де салалардың жұмысшыларының кірістерінің деңгейлерін жақындастыру;
- Отандық тауар өндірушілерді қорғау [6, 28 с.].

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» ҚР Заңында мемлекеттік реттеудің міндеттері көрсетілмегенімен, «агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу: агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтар саласында кредит беруді дамыту; агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау; сатып алу операциялары мен баға интервенцияларын жүргізу; мамандандырылған ұйымдар құру; агроөнеркәсіптік кешен тауарларының экспорты мен импортын реттеу; агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарақтандыру; агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету; агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми, нормативтік-әдістемелік қамтамасыз

ету және ол үшін кадрлар даярлау; ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымының дамуын инвестициялауды жүзеге асыру; ауылды оңтайлы қоныстандыруды ұйымдастыру; ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; салықтық, бюджеттік, кедендік-тарифтік, техникалық реттеу шаралары мен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады», - делінген.

Агроөнеркәсіптік мәселелердің болашақта азаюына барынша тырысқанымыз абзал. Сол себепті, инновациялық жобаларды ынталандыру механизмдерінің жетілдіру, ғылыми-зерттеу институттарын сандық жүйеге көшіріп, «Агроинновациялық парктер» құрып, жаңа формациядағы жас ғалымдарды дайындау үрдісін күшейту керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 «Егемен Қазақстан» газеті, 2016 жылы 15 Қараша.
- 2 Оспанов М.Т. Агробизнес: теориясы мен тәжірибесі. Алматы, 2012.
- 3 Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы енгізілме, 2016, [Электрон. ресурс] URL: https://www.inform.kz/kz/agroonerkasiptik-keshendi-damytudyn-2017-2021-zhyldarga-arnalghan-bagdarlamasy-engizilmek_a2971678.
- 4 ҚР Заңы Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы Заңы 08.07.2005 ж. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 12, 52-құжат;
- 5 [Электрон. ресурс] URL: <http://adilet.zan.kz/kaz> - Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
- 6 Джангабулова А.К. Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің құқықтық негіздері // ҚазҰУ Хабаршысы, 2011 ж. URL: <https://articlekz.com/kk/article/17005>.
- 7 Risk Management and Technology R&D // Anne-Marie Borbely-Bartis. – 2005. – Pacific Northwest National Laboratory. U.S. Department of energy. sciencesearch.defra.gov.uk.